

4 2006
1382k

Орал өткізіліші аркекідеу жолашын




Приуралье
по пути созидания

У 2006/1382 к

Орал өкілі өркендеу жолымен

Орал өңірі өркендеу жолымен





Орал өңірі ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫМЕН

Құрастырушылардан

Бұл кітап “Зерде-Память” корпоративтік қорының жетекшісі Қ.Т.Төлебаевтың бастамасымен және облыс құрылымының М.К.Физатулин, А.В.Дергунов, Ә.Б.Сытдықов, А.Т.Бижанов, Қ.Ф.Қабденов, В.С.Панищев сияқты ардагер азаматтарының ынтасымен дүниеге келген еңбек. Мұндағы көзделген мақсат - ешкімді де, ешнәрсені де ұмытпау, ел жадынан өшірмеу.

Аталмыш туындыны тарихи зерттеу немесе очерк, статистикалық анықтама немесе көркем әдеби дүние деп жіліктеу қисынға келмес. Біз тек бар болғаны Орал өңірінің һәм осы заманғы әкімшілік бөлінісі бойынша Батыс Қазақстан облысының XX ғасырдың екінші жартысындағы басты-басты даму кезеңдеріне шама-шарқымыз жеткенше шолу жасауға талпындық. Жаратылыс тұрғысынан қарағанда жарты ғасыр көзді ашып-жұмғанша өте шығатын сат екені рас, ал, жекелеген өңірді қоныстанған халық үшін ол тұтас бір кезең, өлкенің келбетіне ғана емес, оны мекендейтін адамдардың да тұрмыс-тіршілігіне орасан зор өзгеріс әкелетін ғажайып мерзім.

Өкінішке орай, үшқыр уақыт жетегінде жүріп, кейбір ұмытуға болмайтын оқиғалардың өзін жадымыздан шығарып алатынымыз жасырын жайт емес. Бірақ, өткенсіз келешек жоқ деген бабалар сөзі бәрімізге жолбасшы. Яғни, болашаққа батыл қадам басу үшін бүгініміздің іргетасы қандай екенін жақсы білуіміз абзal. Міне, осындай себептер бізге аталмыш жинақты құрастыруға тұрткі болды. Кітапта облыс шаруашылығының қалыптасып, дамуының елу жылдық тарихын қуәгерлер көзімен, сол үлкен іске қатысушылар сөзімен, оқиғалар тізбегімен оқырмандар жүрегіне жеткізуге тырыстық.

Рас, біз қолға алған еңбек кең-байтақ өңіріміздің осыншалықты ауқымды уақыт ішіндегі барлық елеулі оқиғаларын, облыстың дамуына қажырлы еңбегімен өз үлестерін қосқан мындаған адамдардың есімдерін түгел өн бойына сыйғыза алмайды. Ол тіпті мүмкін де емес. Екіншіден, оның қажеті де шамалы. Десек те, өскелен жас үрпаққа әке-аталарының өнегелі өмір жолын үлгі қылып ұсыну - парызымыз. Сондықтан, материалды тұтас бір қалыппен бермей, бөлек тақырыпшалармен, кейбір осы қалай деген құйқалы тұстарын ерекшелеп, екшеп әзірледік. Ойымыз қаншалықты жүзеге асты, оның бағасын өздерініз берініздер, қадірлі оқырман қауым.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ҚАҚПАСЫ

Әлемдегі әр жайдан құлағдар қауым бүгін таңда біздің Орал өнірін, облыс орталығы – Орал қаласын дәл осылай атайды. Еліміздің батыс шекарасында, екі құрлық - Еуропа мен Азияның тоғысында, толқыны төске ұрған көрі Жайықтың жағасында жатқан өлкені шынымен басқаша көзге елестету де қын. Талай тарихи сұрапылдарды басынан өткерген, ежелгі дәуірден бері дүниенің төрт бұрышын мекендеген халықтардың арасында өзіндік “алтын көпір” міндетін атқарған – Орал қалай қарасаңыз да “батыс қақпа” деген атқа әбден лайық.

Бұл қаланың адамды өзіне магнитше тартып алар керемет бір қасиеті бар десек, артық айтқандық болмас. Сіз оны қанша жерден оны “шалғайда жатыр”, “оқшау” түр деп кеміткенмен, бұл жерге бір рет табаныңыз тисе болғаны, осы заманғы зәулім үйлер, кең автомагистральдар, әдемі даңғылдармен бірге ғажап үйлесім тауып, еріксіз таңдай қақтыратын ескі тарихи ғимараттарды, тып-тыныш көшелерді; жасыл желек қаулап өсken саябақтарды ешқашан ұмыта алмайсыз. Қаланың және оның тұрғындарының кескін-келбетінен, өмір салтынан ескі мен жаңаның жарасымды жұптасқаны, өркениет жетістіктеріне салт-дәстүрді сақтай отырып үмтىлышы анық байқалады.

Оралдың төрт ғасырдан астам ресми тарихы бар. Әйтсе де, соңғы табылған деректер оның тұп-тамырының мыңжылдықтарға кететіндігін дәлелдейді. Қалаға Орал атауын II Екатерина патшайым берген. Жайық бойындағы әйгілі Е.Пугачев көтерілісінен кейін қалашық тұрғындарының жадынан “бұлікші” есімін мұлде өшіру үшін патшайым осы қадамға барған дейді тарихшылар. Кейін Жайық пен Шаған өзендерінің құйылышында бой көтерген казак қосындары біртінде, солтүстікке қарай өсіп, қалашық кеңейеді. Ағаш құрылыштар уақыт өте келе кірпішпен алмастырылып, мұнда әдемі кірпіш үйлер бой көтереді.

Орал “мемлекеттің қыыр шетінде” орналасқанымен, мәдениет пен өнер саласында шеттеу көрген жок, қайта батыс пен шығыс өркениеті озық үлгілерінің тоғысу нүктесіне айналды. Бұған Қазақстандағы тұңғыш көпшілік кітапхана мен театрдың, саз училищесінің, вокзалдың, қалалық саябақтың осы Оралда ашылғаны дәлел. Қаламызга әр жылдары А.Пушкин, В.Жуковский, В.Даль, Л.Толстой, В.Короленко, Ф.Шаляпин, С.Алябьев, А.Толстой, В.Бианки сынды әйгілі адамдар ат басын тіреген. Татар әдебиетінің классигі F.Тоқай, белгілі қазақ ақындары Ж.Молдағалиев пен Қ.Мырза Әли осы өнірден үлкен жыр әлеміне жолдама алды. Жергілікті суретші С.Фұмаровтың туындылары Қазақстан асып, шетелдерге де танымал болды.

Жылдар жылжыды, қала дамып, өсті. Бұрынғы шағын шеберханалар мен артельдер орнын фабрикалар мен зауыттар басты. Осы кәсіпорындардың ішінен бірінші болып бой көтерген ет комбинатын, К.Цеткин атындағы тігін фабрикасын (бұгінгі “Диана” ААҚ), тері-былғары комбинатын, тері илеу зауытын, механикалық зауытты, мия тамырын өндейтін зауытты ерекше атауға болады. Дегенмен де, ұзақ жылдар бойы Орал өнеркәсібі нашар дамыған қалалардың есебінде жүрді. Оған объективті себептер көп.

Орал облысы - Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігінде, құм шағылдары мен ойпаттары, тұзды көлдері мен сор батпақтары аралас кездесетін жазық алқапта орналасқан. Ауа райы тым континенттік, жазы ыстық, қысы суық. Міне, осы жағырапиялық жағдай облыста негізінен ауыл шаруашылығын өрістетуге мүмкіндік берген-тұғын.

Дегенмен, бұгін таңда облыс тек таза аграрлық салаға иек артып отыр деу қын. Әйткені, экономикаға зіл-батпан салмақ салған 1941-75 жылдар аралығының өзінде өнеркәсіп айналымының өнімі 19 есе өсken. Ұлы Отан соғысы жылдары Орал өнірі майданның ең жақын тылы болды. Сол бір ел басына күн

туған қыын шақта Оралға Ленинградтан көшіп келген нөмірлі зауыт, яғни бүгінгі қала тұрғындарына жақсы таныс Ворошилов атындағы зауыт ("Зенит" ААК) тоқтаусыз жұмыс істеп, талай тәжірибелі мамандарды даярлап шығарды. Оның цехтарының негізінде кейін өз алдарына бөлек бірнеше зауыттар құрылды. Мысал ретінде айтсақ, жетпісінші жылдары қазіргі өндіріс алыптары – "Металлист" пен "Омега" зауыттары іске қосылды.

Біз бұл мәселеге әлі де қайтып ораламыз, ал, дәл бүгін айтайын дегеніміз құрылыш саласының біраз жылғы үзілістен соң қайта жандануы қуантады. Жолдар мен үйлер күрделі жөнделуде, жаңадан салынуда. Қысқасы, ескі қала жасарып-ақ қалды.

Орал – баяғыдан жастардың, студенттердің сүйікті қаласы. Жергілікті үш институттың базасында құрылған екі мемлекеттік университет жылма-жыл мындаған шәкіртке жылы үя болып отыр. Қалада сондай-ақ, Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы, "Евразия" институты, "Андас" оқу орталығы сияқты білім ордаларының беделі жоғары. Жұмысшы кадрларды даярлайтын көсіптік лицейлер мен мектептердің де мүмкіндігі зор, еңсесі биік, яғни, аға үрпақтың ертеңі дайын деген сез. Бұл жақсылық пен жаңғырудың, қайта түлеудің айқын белгісі, ардақты ағайын.



ӘР КЕЗЕННІҢ ӨЗ СЫНЫ БАР

60-жылдардың орта шеніндегі еңбек етуге ынталылық, ерекше бір құлшыныстың өзінен-өзі пайда болмағаны түсінікті. Оған дем берген сонау отты жылдардың бар ауыртпалығын көздерімен көрген, жүректерімен сезінген, аштықты, жоқшылықты, ет жақын адамынан айырылу қасіретін бастан өткөрген және жеңіске жетудің шын бағасын білетін аға үрпақтың мұқалмас қажыр-қайраты еді. Олар тірліктеріндегі сәл де болса жеңілдікті орнымен бағалайтын, анаумынау қындықты елей бермейтін.

Мынау қылтандықтың олар берілгенде. Мысал іздең алғашқа бармай-ақ, өзімнің жеке басымның тәжірибесіне жүгінейін. 1947 жылдың ерте көктемінде Орал топырағына алғаш аяқ басқанымда қала ажары маған соншалықты жағымды әсер берді деу қын. Оған дейін де біраз шаһарларды аралап көрсем-дағы, Орал сұрықсыз келбетімен менің есімде қалыпты. Іс жүзінде шаһар бір қабатты балшық үйлер шоғыры орналасқан Юбилейный алаңынан басталатын. Содан вокзалға дейінгі аралықта ойпаттар үстінен тартылған көпір болушы еді. Вокзалдан қаланың тарихи бөлігі - Куренига дейін созылып жатқан бас көше – Советскийдың да сиқы келісті емес-тұғын. Бірнеше көшелерде кірпіші әбден мұжілген тротуарлар болды, жаяу адам жүретін жолдардың көпшілігі жай топырақ күйінде шаңы шығып жатты.

Өзім көзіммен көрген сол жылдардағы ауылдардың жағдайы да жанынды жабырқататын. Ашық алаңқайда тұрған саманнан соғылған жатаған үйлер немесе дәл сондай барактар, жанында мал қамауға арналған қамыс қора - ауылдың бар кескін-келбеті осы еді. Дегенмен, халық бұған да шүкіршілік етті, мәндай терлерін төгіп тапқан-таянғандарын жау табаны тиген деревняларға жөнелтіп отырды. Елдегі әлгіндей ауыр жағдай тың игеру кезеңі басталғанша еш өзгермеді десек қателеспейміз. Рас, оған дейін де облыс тұрғындары қол қусырып қарап отырған жоқ, тырмысып еңбек етті, ауыл шаруашылығын біртіндеп аяғына тұрғызды, соғыс кезінде көшіп келген кәсіпорындар мен зауыттардың қуатын күшетті, ауыл-селоларда салынған құрылыштардың санын көбейтті. Бірақ, бұл өзгерістердің жүру қарқыны баяу болғаны соншалық, әп дегенде оның ауқымын анғару қынға соғатын. Ал, тың игерушілердің келуіне орай, жұмыс көлемі күрт өсті, тұрғын үйлер мен ауылда жұмысшы мамандарды даярлайтын оқу орындарына қажеттілік артты. Қоғамда жандану процесі жүрді. Сөйтіп, жаңа техникамен жарактандырылып, материалдармен толықкан ауылдың құрылыш, көлік, байланыс салалары ерекше дамыды.


Эрине, барлық шаруа бірден орайын тауып, үйлесе кетті деу шындыққа жанаспас. Кей тұста жоғарғы партия басшылығының солақай шешімдеріне жергілікті билік уәж айта алмады, нәтижесінде көптеген ірі іс-шаралар ешбір дайындықсыз қолға алынды. Тың игеру де солардың қатарында. Мысалы, тың игерушілердің алғашқы отрядтары негізінен өз кәсібін жетік меңгерген мамандардан емес, өндірістің иісі мұрындарына да бармайтын өрімдей жастардан жасақталды. Іштерінен мол ақшаға кенелем деп қарақан басының қамын құйттеп келгендер де шықты. Бұл жайт, сөз жоқ, отрядтардың өз іштеріндегі қарым-қатынасқа да, жергілікті қонақжай халықтың оларға деген көзқарасына да теріс әсерін тигізді.


Бұгін таңда, яғни, белгілі бір мерзімнен кейін сол бір қын уақыттардың талабы мен мұң-мұқтажына әртүрлі баға беруге, сан-саққа жүгірту оңай. Ол жылдар, ақиқатына жүгінсек, облыстың бірінші басшысынан қатардағы қарапайым ауыл еңбеккерлеріне дейін зіл-батпан салмағын тең бөліп артқан кезең еді. Басы ашық нәрсе! соғыстан өбден қалжырап, ашыққан елді тез арада тойындыру



үшін мол астық керек болды. Ол мақсат та ойдағыдай орындалды. 1958 жылы егіннен аста-төк өнім алған облыс Ленин орденіне ие болды. Алтын дән үшін "айқаста" ерекше көзге түскен жүздеген еңбеккерлер де үкімет наградаларымен марапатталды.

Бұл егін ору науқанына облыс диқандарының тым-тәуір даярланғанын айтуда керек. Мысалы, Жайықтағы пароходство жаңа баржалар сатып алды. Теміржолшылар дән таситын бітеу вагондардың санын көбейтті, "Совхозтранс" жаңа машиналармен толықты. Өзен жағалауында орналасқан Рубежка, Еңбек, Чапаев елді мекендерінде, теміржол бойындағы барлық стансалар мен разъездерде, жалпы, шаруашылықтардың өздерінде астық қабылдау пункттері мен қосымша аландар даярланды. Ауыл шаруашылығы техникаларына қосалқы бөлшектер шығаратын, оларды жөндейтін кәсіпорындар қуатын өлденеше есептеді. Осы қомақты шаруалардың қай-қайсысына да құрылышылардың көмегі қажет болды, сөйтіп, саланың даму қарқыны өсіп, өндірістік базасы нығайды. Әңгімеміз жалаң шықпас үшін куәгерлер мен құрылышқа қатысуышылардың естеліктеріне кезек берейік. Олардың сөздерінде объектілердің, немесе еңбек адамдарының аттары жиі қайталанып жатса, сөгудің реті келмес, өйткені, әрбір адам өзінің жадында ең жақсы сақталған жайларды тілге тиек ететінін ұмытпайық.





БӘРІ ДЕ ІРГЕТАСТАН БАСТАЛАДЫ

Белгілі бір күш жұмсамайынша, белгілі бір шығындар мен құрбандықтарға бармайынша іс бітпейтіні бесенеден белгілі. Осынау ақиқат жайт елдің даму барысынан да айқын білінеді. КСРО ыдыраған соң, тәуелсіздік алған мемлекеттердің қабыргасы қатып, бұғанасты бекіген сайын біз өзіміздің өткенімізге үңіліп, бұрынғы бірінші басшылардың, әсіресе, аймақ жетекшілерінің роліне әділ баға беруге қол жеткіздік. Бұл өте дұрыс. Өйткені, жергілікті жерлердегі халықты соңына ертіп, үлкен істерге үйытқы болған да солар.

Жетекшінің ролі қай салада да талассыз. Оның қаншалықты білікті, іскер, алысты шола білетіндігі тек қана күнделікті жұмысындағы мәселелерді шешуге емес, сонымен бірге аймақтың келешек даму іргетасының қалыптасуына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда біздің өнірдің асығы алшысынан түскендігін айтқан ләзім. Әр жылдары облысты басқарған азаматтар тек қана жағымды жақтарымен ел есінде қалды. Міне, осы жайттар тәнірегінде ҰОС-ның ардагері, Қазақстан Республикасының еңбек сінірген құрылышшысы, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, бүгінде облыстық мүгедектер қоғамына жетекшілік ететін Хамза Абдрахманұлы Сафин былай деп әңгімелейді:

- 1954 жылдың күздінде облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына Сабыр Біләлұлы Ниязбеков сайланды. Ол жігері тасыған, жұмыс десе жаңып түсетін жалынды азамат еді. Осыдан бір жыл бұрынған 28 жасқа жаңа аяқ басқан, іс жүзінде тәжірибесі аз мені облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының жанындағы құрделі құрылыш басқармасына басшы етіп тағайындаған болатын. Жұмыс барысында қызмет бабымен С.Б.Ниязбековтың алдында жиі болуға тұра келді. Ол уақытта облыста бірде-бір құрылыш үйыми болмағанын айтпағаның өзінде, осы саланы аяқта тұрғызуды көздеңген арнайы орган да жоқ-тұғын. Бар мәселе обкомда, облыстық жоспарлау үйыми, басқармалар мен кәсіпорындар жетекшілерінің қатысуымен талқыланып шешіletіn.

Сол кездегі обкомның одақтық және республикалық органдар алдына қойған ең бірінші мәселелерінің қатарында – Орал жылу-электр орталығы (ЖЭО) құрылышының басталуы, Жайық пен Шаған өзендерінің үстінен тартылатын автокөлікке арналған көпірлер құрылышы, арматура зауытын қаланың орталығынан шетіне көшіру, телеорталық салу және т.б. болды. 1955 жылы “Уральскстрой”, “Бурлинстрой” сияқты алғашқы құрылыш трестері, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының жанынан құрылыш-монтаж кеңесі, бірінші қосалқы мердігерлік үйымдар құрылды.

Құрылыш индустриясының базасы ол тұста жылына 2-2,5 миллион дана кірпіш шығаруға қабілетті төңкеріске дейін салынған ескі зауыт пен қарапайым үлгідегі әктас пештері және Теректі ауданындағы алебастр кенішінен тұрған еді. Сондықтан, құрылыш трестерінің өздерінің өнеркәсіп базаларын үйымдастыруға шешім қабылданды, жергілікті кеніштерде шақпақ тастарды, қыыршық тас пен құм қоспасын өндіру басталды, асфальт-бетон зауытының құрылышы қарқынды жүрді, біраз аудандар мен кеңшарларда кірпіш зауыттары салынды, көп жерде құрылышшылар даярлайтын училищелер ашылды.

Тың жерлерді игеру, жаңадан ірілендірілген 13 кеңшардың бой көтеруі, ұжымшарлар мен МТС-тардың базаларының нығаюы ауыл шаруашылығы өнімін өндіру қарқының құрт үлғайтуға жол ашып, халық шаруашылығының басқа да салаларының тез дамуына серпін берді. Республика облыстарының ішінен Батыс Қазақстан облысы бірінші болып Ленин орденіне қол жеткізді. Өнірде өндірістік, мәдени-тұрмыстық объектілер, үй салу жұмыстары қызды, жылу желілері, су құбырлары, су шаруашылығы объектілері жедел пайдалануға беріліп жатты.

Сабыр Біләлұлы облыстық мекеме басшыларын өзімен бірге Алматыға немесе

Мәскеуге ала кетіп, министрліктер мен ведомстволарға бірге кіргізіп, облысқа қажетті ірі объектілерді жоспарға енгізіп, оған қаржы бөлінуін жіті қадағалайтын. Мынадай мысал, 1957 жылы күшті су тасқынының салдарынан кеңшар-ұжымшарлардың біршама өндірістік объектілері, көптеген елді мекендер зардал шекті. Міне, осындай күрделі жағдайда Сабыр Біләлұлы КСРО ауыл шаруашылығы министрі В.В.Мацкевичпен және КСРО темір жолдар министрі Б.П.Бещевпен алдын-ала келісіп алып, оларға обком және облатком атынан хат жеткізуі маған тапсырды. Сөйтіп, дереу алынған шараптардың нәтижесінде облысқа елеулі көмек көрсетіліп, құрылыш материалдары, құрастырмалы үйлер жеткізілді, Челябинск облысынан ағаш дайындау участесі бөлініп, ағаш таситын арнайы вагондар әзірленді. С.Б.Ниязбековтың тікелей араласуымен үй салу, құрылыш материалдары комбинаттарының, темір-бетон бүйімдары полигонының құрылыштары басталды, жоғары кернеулі электр желісін тарту ісі қолға алынды.

50-жылдардың басындағы облыстың хал-ахуалы қандай болғанына тағы бір тоқтала кетейін. Ол уақытта қатқыл табанды жолдар жок еді, барлық мәдени-тұрмыстық объектілер саман тастан салынып, әбден тозығы жеткен-ді. Аудан орталықтары және 45 кеңшар мен 300 ұжымшардағы әлеуметтік-шаруашылық жағдай еш сын көтермейтін. Орталықтан ауыз су, электр тогын беру деген мүлде болмады. Тіпті, облыс орталығының өзінде тұнгі 12-ден кейін жарық өшетін.

С.Б.Ниязбеков басшылық еткен жеті жыл ішінде облыстың болашақ экономикалық іргетасын қалау жолында өлшеусіз шара тындырылды. Бейнетті еңбектің зейнеті де мол. Іскер басшы бұдан кейін өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы, Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы, ал, сосын Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы болып ұзақ жылдар жемісті еңбек етті.

Біз, сонымен қатар, 1961-75 жылдар аралығында облыстың бірінші басшысы қызметін атқарып, Орал өңірінің өркендеуіне көп еңбек сінірген Шәпет Қоспанұлы Қоспановтың да есімін құрметпен атаймыз.

* * *

Аймақтың бірінші басшысының жеке бас қасиеті мен қасіби қабілетіне ұзақ жылдар бойы ауыл құрылышы саласында тер төккен ардагер азаматтың берген бағасынан асырып айтам деу күпірлік. Қызмет бабында С.Б.Ниязбековпен және Ш.Қ.Қоспановпен бірге істес болған өзге азаматтар да осындай ортақ пікірде. Солардың бірі, біздің жерлесіміз, Қазақстанның еңбек сінірген экономисі, одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер, Қазақстанның Мәскеудегі бұрынғы тұрақты өкілі, қазір Ресей Федерациясының азаматы Сәбит Жаданов өз естелігінде былай деп әңгімелейді:

- Комсомол мен партиядан тәлім-тәрбие алып, Мәскеуде Қазақстанның барлық 19 облысының мұддесін қорғаған мен, өкінішке орай, жоғары жақ жерлестеріне тартты деп айыптамасын деп туған өңірге жиі келе алмадым. Бірақ 70-80 жылдары екі рет Оралда болғаным есімде.

Алғашқы келгенімде облысты тәжірибелі, білікті, жұмсақ мінезді Шәпет Қоспанұлы Қоспанов басқарып тұрды. 13 жыл бойы үздіксіз облыстың тізгінін үстаған Ш.Қоспанов ауыл шаруашылығын өте-мөте күшетті. Бірақ, қаланың бет-бейнесінде анау айтқандай он өзгерістер бола қойған жок. Республиканың Арқалық, Рудный, Екібастұз, Шевченко (бүгінгі Ақтау) сияқты жас қалалары күн санап көркейгенде, туған Оралымның сол баяғы жұптыны құйінде қалуы жаңыма бататын.

Алайда, іс басына М.Б.Ықсанов сияқты іскер басшының келуі мүн екен, қала адам танымастай өзгеріп, жайнап сала берді. Мұстахым Біләлұлы облысқа басшылық еткен 11 жыл ішінде жаңа ықшамаудандар жедел салынып, еңселі үйлерден тұратын кең көшелер легі сап түзеді, көнеден жеткен ескерткіш-жәдігерлер жөнделіп, күтімге алынды.



КУШ-ҚУАТЫҢ ЖЕТСЕ ЕГЕР

70-жылдары кең етек алған бес қабатты үйлерді әр жерге “таңдал” салу әдісі қаланың ажарын аша қойған жоқ. Ол кездегі Орал үшін көп қабатты зәулім үйлері бар сәнді ықшамаудандардан гөрі, күтім көрмеген қисық көшелер, ретсіз салынған жер үйлер үйреншікті көрініс еді. Қаланың орталығындағы көп қабатты үйлерден 1975 жылы салынған №2 және №3 ықшамаудандарды (Батурин, Ленин даңғылы, Фурманов және Мир көшелерінің аралығы) және Фурманов, Дзержинский, Октябрь, Мир көшелерінің аралығындағы ғимараттарды ерекшелеп көрсетуге болатын. Қаланың өзге бөліктеріндегі бес қабатты үйлер шашыраңқы орналасып, негізінен Транспорт көшесінде, “Айгүл” дүкені маңында, “Жайық” базарының, автобус паркінің, жәндеу зауытының төңіректерінде және Зачаган поселкесінде салынды.

Міне, осы жағдайлардың барлығы кім-кімді де Оралда құрылыш саласының сол тұста мүлде нашар дамығаны жөніндегі ойларға жетелейтін. Алайда, мұндан дағдарыс көпке созылмады. Кешікпей қаланың орталық бөлігіндегі көптеген мекеме-кәсіпорындар мекен-жайларын ауыстырып, ірі құрылыш жұмыстарының жүруіне жол ашып берді. Оралдықтар, мәселен, орталық даңғылдағы бүгінгі “Рахат” дүкені орналасқан үйдің бұрынғы автокөлік жәндеу шеберханасының орнында 1972 жылы бой көтергенін, жеті қабатты “Евразия” ғимаратының ескі киіз басу фабрикасының орнында, “Газжобалау” институтының тігін фабрикасы цехтарының орнында бой көтергенін жақсы білулері тиіс. Тағы бір мысал. Қазіргі қалалық сот орналасқан ғимараттың орнында үлкен бос алаңқай жатты. Оның алдындағы күтімсіз қалған скверде гипстең жасалған Лермонтовтың мүсіні тұрды. Қала көшелерінің көлік жүретін асфальтталған бөлігі 5,5-тен-9-ға дейін, кей жерлерде 12 метрден аспады. Күрделі инженерлік құрылғылардан – 2-автобаза мен локомотив депосы ауданында екі-ақ жол айрығы болды.


Орал қаласының 70-жылдардағы сүреңсіз сұлбасы дәл осындай еді. Қалыптасқан тығырықтан шығуда КСРО-ның барлық республикаларында қызу өрістеген әр жанұяға жеке пәтер беру керек деген бағдарламаға сай, қалаларда құрастырмалы және қамыс қаңқалы үйлерден тұратын тұтас поселкелердің салынуы үлкен көмегін тигізді. Сонымен қатар, осы уақытта үй салу комбинаттары, зауыттар мен цехтар, трестер мен бірлестіктер, тұрлі бас министрліктер жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай көбейді. Бір ғана құрылыштың өзін кәсіби салалар бойынша бірнеше министрлік басқарды. Мысалы: Ауырқұрылыш Мині, Ауылқұрылышы Мині, Суқұрылышы Мині, Жолқұрылышы Мині, Мұнайгазқұрылышы Мині, Монтажарнаулы-құрылыш Мині және т.б. Жоғары оқу орындары да құрылышшы-инженерлер мен сәулетшілерді көптеп даярлады, облыс орталықтарында жаппай жобалау институттары мен республикалық үйымдардың филиалдары ашылды. Оралдағы алғашқы жобалау үйыми 1962 жылы дүниеге келіп, ол 1975 жылы мемқұрылыш жүйесіндегі ең қуатты мекемелердің бірі – “Уральскгорсельпроект” жобалау институтына айналды (директоры Г.И.Пустобаев). Жалпы, осы жылы қалада барлығы алты жобалау институты жұмыс жасаған болса, солардың ішінен “Каздорпроект” институтының Орал филиалы (директоры О.Ф.Попов) ерекше көзге тұсkenін айтудың керек.

1975 жылы қалада мынадай трестер құрылды: “Уральскпромстрой” (менгерушісі Тимофей Кузьмич Симонов), “Уральсксельстрой” (менгерушісі Иван Павлович Здесев), “Облмежколхозстрой” бірлестігі (менгерушісі Григорий Семенович Белаш), “Уральскводстрой” (менгерушісі Қасым Ибатұлы Ишмақов). Осынау әрбір трестің құрамында қуаты жылына 30-35 мың текше метр құрама темір-бетон өндіретін құрылыш материалдары комбинаты жұмыс істеді. Мысалы, “Уральскпромстрой” тресінде жыл сайын 50 мың шаршы метр үй тұрғызуға



қабілетті үй салу комбинаты болды (директоры Владимир Густавович Ортлиб). Жоғарыда аталған трестерден басқа қаламызға КСРО Минкеңесі Арнаулы құрылышының 4-құрылыш басқармасы да ірге тепті. Басқарма кей жылдары 12 миллион сомның құрылышын жүргізуге қол жеткізіп отырды.

Міне, осындай өндірістің құш-қуаты толысқан тұста 1975 жыл есік ашып, облыстың құрылыш саласында үлкен өзгерістер кезеңі басталды. Бұл тұстағы ауқымды іс-шаралар жөнінде бұрынғы облыстық партия комитетінің құрылыш жөніндегі салалық хатшысы, бүгінде Қазақстан Республикасының құрметті зейнеткөрі Мансур Кәрімұлы Физатулин былайша сыр шертеді.





ЖЕР БЕТІНДЕГІ ЖАРЫҚ ІЗ

(М.К.Физатулиннің естелігі)

М.Б.Ықсановпен 1975 жылдың сәуір айында туған жеріміз Оралда кездестім. Сол жолғы облыстық партия комитетінің пленумы Мұстахым Біләлұлын бірінші хатшы, мені өнеркәсіп пен күрделі құрылыш жөніндегі салалық хатшы қылышп сайлады. Сөйтіп, екеуміз он бір жыл бойы тізе қосып, бірге еңбек еттік.

Ол уақытта халық шаруашылығының экономикалық дамуы жылдар мен бесжылдықтар бойынша жоспарланып, тексерілетін. Біздер тағайындалған кезде ағымдағы 1975 жылды және тоғызыншы бесжылдықты табысты аяқтау міндеті күн тәртібінде тұрған еді. Тіпті алдағы оныншы, он бірінші бесжылдықтардың басты көрсеткіштері де белгілі болатын. Бұл бесжылдықтарда машина жасау, қорғаныс, женіл және тамақ өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени және тұрғын үй құрылышы салаларының даму қарқының әлденеше есе арттыру талап етілген-тұғын. Осыған байланысты М.Б.Ықсановтың ұсынысымен 1975 жылдың мамыр айында партия обкомының пленумы өтті. Пленумға партиялық-кеңестік, кәсіподак, комсомол, шаруашылық белсенділері, сонымен қатар министрліктер мен ведомстволардың басшылары қатысып, "Облыстағы күрделі құрылышты қүшейту шаралары жөніндегі" мәселені талқылады.

Ауыр құрылыш министрлігі, Құрылыш материалдары министрлігі, Колхозаралық құрылыш, Су шаруашылығы, Автожолдар және Коммуналдық шаруашылық министрліктері басшыларының төрт көзі түгел жиналған бұл пленумда күрделі құрылыштар көлемін ұлғайтып, құрылыш индустриясының қуатын нығайту жолдары қарастырылды, ірі техникалық үйымдастыру шаралары бекітілді. Мұндай шараларды жүзеге асыру жылдан-жылға облыстағы құрылыш қарқының өсіруге және өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы салаларын өрістетуге септігін тигізетін еді.

Ойға алған жұмыстарды тындыру үшін қысқа мерзім ішінде "Уральскпромстрой", "Уральсксельстрой", "Облмежколхозстрой", "Уральскводстрой", Қорғаныс Министрлігінің СУ-4 трестерімен қатар жаңадан "Западэлеватормельстрой", "Уральскводопроводстрой", "Күшумводстрой", "Облремстройтрест" және №9 "Жолкөпір құрылышы" трестері құрылды. Сол сияқты, қуаты төмен қосалқы участеклердің орнын Арнаулы монтажқұрылыш министрлігінің жеті бірдей мамандандырылған басқармасы басты.

Облыста жедел қарқынмен бірнеше зауыттар салынды. Нәтижесінде польшалық жабдықтармен жарақтандырылған силикат кірпіш зауыты жылына 120 миллион дана кірпіш, әктас зауыты – 50 мың тонна әктас және 100 мың текше метр керамзитті қиыршық тас, темір бетон конструкциялар зауыты – 25 мың текше метр өнім, Ақсайдағы кірпіш зауыты – 8 миллион дана қызыл кірпіш шығаруға тиіс болды.

Сол сияқты, тұрғын үй құрылышының қарқының қүшейту мақсатында ірі панельді үй салу комбинатының құш-қуаты арттырылды. Ол енді жылына жаңа "121" сериямен озық ұлғидегі 120 мың шаршы метр тұрғын үй тапсыра алатын дәрежеге жетті. Жаңа "25" серия бойынша да монолитті үйлер салу ісі жолға қойылып, жылына 30 мың шаршы метр үй салатын ауылдық комбинат іске қосылды. Оның көмегімен жылма-жыл 10 мың пәтер пайдалануға беріліп отырды. Пәтерлердің тең жартысы ауылдық жердің үлесіне тиді. Бұрыннан жұмыс істейтін және жаңадан салынған комбинаттар есебінен құрама темір бетон өндіру көлемі үш есе ұлғайып, 300 мың текше метрге жетті. Барлық сала объектілерінің құрылышын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттарды жедел дайындау мақсатымен облыс орталығында "Уральсксельпроект" институты мен респубикалық дәрежедегі "Каздорпроект", "Казгипросельхоз", "Казгипроводхоз" ФЗИ филиалдарының заман талабына сай

ғимараттары бой көтерді.

Құрылыш саласындағы аталмыш жетістіктер жаңадан “Омега”, “Металлист”, “Союзлакрица”, “Коммунзапчасть”, керамика зауыттарын іске қосуға мүмкіндік тудырды. Сонымен бірге, “Зенит”, механикалық, арматура, жөндеу, құрылыш-монтаж жабдықтары, металл бүйімдары, тері илеу, кеме жөндеу зауыттары, етконсерві, балық өндеу, сүт комбинаттары, тігін, тоқыма бүйімдар, жиһаз, кондитер фабрикалары кеңейтіліп, қайта жарактандырылды. Облыс өнеркәсібінің барлық салаларында негізгі өндіріс қорларының өсуі, өндіріске жаңа техника мен технологиялардың енгізілуі, еңбек өнімділігі мен өндіріс тиімділігінің артуы халық шаруашылығының жылдық және бесжылдық жоспарларын уақытында орындауды қамтамасыз етті.

Байланыс пен телевидение, көліктің барлық түрі және жол құрылышы мәселелері қатаң бақылауға алынды. Жедел қарқынмен ірі ұшақтарға арналған ұшу алаңы, жолаушылар сиятын жерасты залы бар шығыс үлгісіндегі жаңа әуежай салынды. Жайық үстінен тартылған көпірден әуежайға дейінгі тас жол халықаралық талапқа сай төсөлді.

Көптеген салалармен қатар теміржолшыларға да ерекше көңіл бөліне бастады, яғни, бұрын жабылып қалған жол бөлімшесі қайта қалпына келтіріліп, теміржолдың қосалқы қызмет құрылымдарына арнап жаңа ғимарат түрфызылды. Архитектуралық кескін келбеті айрықша көз тартатын, поездарға шығатын жерасты жолы бар Орал темір жол бекеті де аз уақыттың ішінде пайдалануға берілді. Жүк айналымының күрт өсуіне орай Орал-2 және Желаев стансалары іске қосылды. Келешекте Оралдан Озинки стансасына (110 шақырым) дейін тағы бір темір жол желісін тарту үшін топырақ үйіліп, орын әзірленді. Сонымен бір мезгілде Орал темір жол бекеті алдындағы үлкен алаңға тәменгі қабаттары сауда және тұрмыстық қызмет нұктелеріне лайықталып жабдықталған көп қабатты түрфын үйлердің құрылышы қызды. Аланда Азамат соғысының батыры В.И.Чапаевқа ескерткіш орнатылды.

Жайықтағы өзен флотының бойына да қан жүгіріп, оның қатары жолаушы кемелерімен, құрғақ жүкке арналған баржалармен және теплоходтармен толықты. Күннен-күнге қуаты артқан кеме жасау-кеме жөндеу зауыты 1000 тоннаға дейін жүк тасуға қабілетті баржалар жасауды қолға алды.

Автотасымал көлемінің артуына, жол салу қарқынының күшеюіне байланысты облыс пен аудан орталықтарында қосымша автобус парктері мен автокомбинаттар, Оралда жолаушылар автобекеті салынды. Атап өтерлік тағы бір жай - облыс орталығында аудан орталықтары мен көршілес Ақтөбе, Атырау, Саратов, Самара, Орынбор қалаларына шығатын, Шаған өзені үстінен өтетін көпірлері бар үш қатарлы айналма жол іске қосылды. Осы уақыт ішінде облыс көлемінде 500 шақырымнан астам асфальтталған жол құрылышы аяқталды. Жайық өзені үстінен өтетін екінші көпірі бар үлкен айналма жол мен Оралдағы троллейбус желісі жобалана бастады.

Әлеуметтік-мәдени сала, коммуналдық қызмет, тұрмыстық қамту жайы жіті назарда ұсталды. Мұндағы өзекті мәселелер обкомның бюросында, облыстық атқару комитетінде, қалалық және аудандық үйымдар деңгейінде жүйелі түрде қаралып отырды. Қадағалау қатаң болған жерде жұмыс өнікті. Көп өтпей байланыс пен радио-телевидение ісі онға басты. Жаңа радиоорталық, Орал қаласында он мың нөмірге есептелген АТС, қалалар мен аудан орталықтарында телефон стансалары салынды. Облыс аумағының 85 пайызын қамтыған Чапаев-Фурманов ретрансляторының іске қосылуына сәйкес жергілікті түрфындардың басым бөлігі теледидар тамашалауға мүмкіндік алды.

Осы мерзім ішінде қалаларда, аудан орталықтарында, көншарлар мен ұжымшарларда 88 мектеп, 94 балабақша, 50-ден астам мәдениет үйлері пайдалануға берілді. Денсаулық сақтау саласының өткір мәселелері шешімін тауып, Оралда облыстық және қалалық тубдиспансерлер, медициналық диагностикалық орталық, онкологиялық диспансер, теміржол ауруханасы іске қосылды, облыстық



клиникалық аурухана мен стоматологиялық емхана ғимараттары кеңейтілді, жеті аудан орталығынан көпсалалы аурухана, ауылдарда медпункттар ашылды. Қала маңы, яғни, Жайық, Шаған, Деркүл өзендерінің бойынан демалыс орындары мен саяжайлар көптеп бой көтерді. Көпшілікке кеңінен таныс «Ақжайық» шипажайы, туристер базасы, «Мелиоратор», «Нива», «Комунальник», «Автомобилист» профилакторийлері осы тұста «өмірге» келді.

Жетпісінші жылдардағы жағдай туралы әңгіме қозғағанда, облыс орталығы мен көпшілік аудандардағы коммуналдық шаруашылықтың мүшкіл халін айтпасқа болмайды. Мәселен, қала халқы өзіне қажетті судың 70 пайызға жуығын Жайық өзенінен алып тұтынған. Осы проблеманы шұғыл шешу үшін Дағынск ауылы маңына (қаладан 25 шақырым) бұрғы салынып, жерасты сүйн айдайтын станса мен су қоймасынан тұратын құбырлар жүйесі жедел іске қосылды. Ауылдық жердегі ауыз су мәселесін реттеу жаңадан құрылған «Уральскводопроводстрой» тресіне жүктелді. Трест қызметкерлері бірнеше жыл ішінде белгіленген кесте бойынша топтастырылған сегіз су құбыры жүйесін салып шықты. Дегенмен, бұл теңізге қосылған тамшыдай ғана шаруа еді. Қаладағы су айдау стансасы қуатының төмендігі, су жинағыш алаңының кішілігі канализациялық және ағын суларды ағызып жіберуді аса қынданатты. Сол себепті, жалпы қуаты 50 мың текше метр су айдауға жететін жаңа су айдау стансасы мен қала сыртынан 16 және 45 миллион текше метр су сақтай алатын екі тоған-жинақтағыштың салынуы ауадай қажеттіліктің жемісі болатын.

Аталмыш кезеңде облысты электр қуатымен қамту мәселесі де өткір күйде тұрды. Өйткені, қаладағы 1962 жылы іске қосылған ЖЭО (ТЭЦ) жылына өндіретін баржогы 25 мың киловатт қуат қай жыртыққа жамау болсын. Тығырықтан шығу мақсатында «Южказэлектросетьстрой» басқармасы кернеуі 0,4-тен 110 киловатқа дейін жететін ірі электр желісінің құрылышын жүргізіп, желі арқылы электр қуаты алдымен Кинельден (Самара облысы), кейін Балаковтан (Саратов облысы) алынды. Жалпы, осы жылдары облыс көлемінде 25 мың шақырымға жуық электр желісі тартылды.

Қаланы орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету жайы бірден шешіліп кете қоймады. Қаланың ескі бөлігіне қарай, келешек Солтүстік-шығыс үйлер шоғыры орналасатын аймақ бағытына жылу құбырын тарту, ЖЭО-да жоғары қысымды қазандықтар құрылышын жүргізу қарқыны тездетілді. Ауылдық жерлерде де орталық жылыту қазандықтары да көптеп салына бастады.

Облысымыздың аумағынан өтетін және Новенький мен Шежін ауылдарында компрессорлық стансалары орналасқан «Союз» (Орынбор-Батыс шекара) газқұбырының құрылышы жүрген кезде құбырдың екі жерінен бұрма жасалып, одан тартылған көгілдір отын Оралдағы ЖЭО мен қабырғалық материалдар бірлестігіне жеткізілді және кейін қалада жаппай газдандыру жұмыстары жүрді.

Облыстың экономикалық өміріндегі аса ірі жаңалық - 1979 жылы біздің геологтардың Қарашығанақтан мұнай-газ конденсатының бай қорын табуы болғаны даусыз. Кенішті игеруге одақтық республикалардың көптеген үйымдарының орасан күш-қуаты жұмылдырылды. Нәтижесінде, орталықтан ірі қаржы салымдары, материалдық ресурстар, техникалық құрал-жабдықтар қажетінше бөлініп, күллі Кенес Одағынан шақырылған мамандар көмегімен 5000 метр терендікте ұңғымалық бұрғылау жұмыстары жүргізілді. Осы мәселеге орай облыс орталығында өткен алқалы жиынға одақтас республикалар мен біздің республикамыздың Министрлер Кабинеттерінің төрағалары, бірқатар министрліктер мен ведомстволардың басшылары қатысып, іс барысын өз көздерімен көруге мүмкіндік алды. Мәжіліс нәтижесі көп күттіре қойған жоқ. Қысқа мерзім ішінде кен орны не керектің бәрімен жараптандырылып, газ конденсатын алатын алғашқы қондырғы іске қосылды. 1986 жылға қарай газ өндіру көлемі 5 миллиард текше метрге, конденсат көлемі 4 миллион тоннаға жетті. Кенішті игеруге Ленин ордені «Оренбурггазпром»

бірлестігінің қызметкерлері бастан-аяқ қатысып, ерен еңбек үлгісін көрсетті.

Облыс негізінен ауыл шаруашылығына баса көніл аударатыны белгілі. Міне, сол себепті егістік көлемі 2 миллион гектар алқапқа жуық, мал саны 3 миллион бастан асып жығылатын 150 кеңшары мен ұжымшары бар, жалпы аумағы 150 мың шаршы шақырым құрайтын алып шаруашылықтың алдында тұрған міндеттер де ауқымдылығымен ерекшеленді. Мемлекетке наң, ет, сүт, бау-бақша өнімдерін тапсыру жоспары жылдан- жылға өсті. Осыған сай мал шаруашылығын жемшөппен толық қамту мақсатында обкомның бірінші хатшысының шешімімен су шаруашылығының құрылышын белсенді жүргізуге бағыт ұсталып, «Уральскводстрой» тресі Орал-Көшім, Орал-Шалқар, Жәнібек және Айдархан суландыру жүйелерін қысқа мерзім ішінде пайдалануға берді.

Қосымша «Күшумводстрой» және «Уральскводопроводстрой» трестерінің құрылуына байланысты 50 мың гектар жер үнемі суарылатын, 160 мың гектар жер жайылма арқылы суарылатын деңгейге жеткізілді. Осылайша 1,3 миллион гектар жайылымдық алқап суландырылып, құнарлылығы қалпына келтірілді және Тайпак ауданын сумен қамтамасыз ету үшін су айдау стансасы мен Жайық өзені үстінен тартылған су құбырының құрылышы аяқталып, 5 мың гектар алқапты каналдар көмегімен суаруға мүмкіндік туды.

Мал шаруашылығы тез қарқынмен дами бастады, бірақ, мал қоралары жетіспегендіктен, әрі барының өзі нашар болғандықтан малдың басым бөлігі ауруға шалдырып, өлім-жітім көбейді. Сол тұста обком бюросының шешіміне сәйкес ауыл шаруашылығы органдары күшімен және өнеркәсіп, құрылыш ұйымдарының қамқорлық көмегі арқасында әрқайсысы 1000 бас ірі қараға есептелген 200 мал шаруашылығы кешені, 6 мың бас қой сиятын ставропольдық үлгідегі 150 кешен салынды. Кешен құрамына жем-шөп цехтары бар, сұы мен электр қуаты тиісінше келіп тұрған және шөбі шүйгін жерлерге орналасқан қойшы үйлері кірді.

Үсті-үстіне өскен егістік өнімі - бидайды сақтау үшін Переметное және Желаев елді мекендерінде сыйымдылықтары 150 тонна болатын элеваторлар салынды. Сондай-ақ, Желаев элеваторы жанынан тәулігіне 500 тонна жоғары сортты үн тартатын диірмен пайдалануға берілді. Ақсай және Орал қалаларында мал мен құс шаруашылығына арналған жем дайындау зауыттары іске қосылды. Орал маңындағы Щапов ауылында орналасқан құс фабрикасының қуаты 300 мың тауық ұстайтын дәрежеге жеткізіліп, Новенький ауылында 100 мың тауыққа есептелген жаңа құс фабрикасы, Ростоша ауылында 20 мың бас шошқа өсіру кешені ашылды. Қала сыртындағы 6 гектар алқапта өнеркәсіптік негізде жұмыс істеген жылышай шаруашылығы қыс кезінде балабақшалар мен асханаларды бау-бақша дақылдарымен қамтамасыз етіп отырды.

Подстепное ауылында 1,5 мың гектар алқапқа жеміс-жидек өсіру ісі қолға алынып, Қазақстанда тұңғыш рет Мәскеу институтының көмегімен жемістерді қыста сақтау қоймасының құрылышы тәмамдалды. Бұл қойманың ерекше газды ортада ұсталған бөлмелерінде мың тоннаға дейін өнім сиятын орын болған еді.

Әр жыл сайын құрылыш отрядтары сапында біздің облысымызға ат басын тірейтін белоруссиялық студенттердің ауылға көмегін де ерекше атай кеткен жөн. Осындағы әдіспен үш мың қаралы құрылышшы жас жылма-жыл шамамен 10 миллион сомның құрылыш жұмыстарын атқарып, өндірістік-тұрмыстық тұрғын үй объектілерін салып отырды.

Әрине, әңгімеме арқау болған құрылыш пен халық шаруашылығының басқа да салалары бойынша қамтылған мәселелер кешенді құрылышқа стратегиялық мән берілмеген жағдайда және Мемқұрылыш пен республика архитекторлар қеңесінің келісімінсіз іске аспас еді. Олардың тікелей қатысуымен жасалған облыс орталығы, қалалар, аудан орталықтары мен көптеген елді мекендердің бас жоспарлары үлкен шаруаға шешуші үлес қости. Тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыстық объектілер жана жобалар бойынша жайландырылып, коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсету



денгейін одан әрі көтеруді ескере салынды. Құрылыш жұмыстары негізінен қаланың тозығы жеткен бөлігінде, яғни, ескі үйлерді бұзу есебінен жүргізілгенін айту ләзім.

Қалыптасқан жағдайды тез түзету үшін облыс орталығын көркейтудің үздік жобасына бәйге жарияланды. Бәйгеге қатысқан Ленинград, Киев, Алматы, Қарағанды және Орал жобалау институттарының ішінен Ленинград институтының жобасы жеңімпаз танылды. Олардың нұсқауына сәйкес қаланың әдемі архитектуралық бейнесін қалыптастыру бағытында силикат кірпіштен, блоктардан және монолитті әдіспен 9, 12, 14 қабатты үйлер көптеп салынды. Сырты мұжіліп, тозбауы үшін олар қыш тақтатастармен қапталды.

Осы жылдары сондай-ақ Орал, Чапаев қалаларының өткен ғасырлардағы мұраларын Орда ауылының тарихын, төңкеріс және әскери кезең жәдігерлерін қорғау үшін обком мен облатком бірлесіп, арнайы қаулы қабылдады. Ол бойынша тарихи ескерткіштерді сақтау, жөндеу, қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Жаңадан мемориалды кешендер салынды. Облыс орталығында Островский атындағы орыс драма театры, өлкетану мұражайы, екі православие шіркеуі құрделі жөндеуден өткізіліп, Ленин атындағы орталық алаң, Мәңгілік алау мен Даңқ обелискі орналасқан Женіс алаңы, Кеңес Одағының Батыры М.Мәметованың мұражай-үйі, мұсылман мешіті бой көтерді. Сонымен қатар, орталық әмбебап дүкеннің, киім үйінің, кең форматты "Қазақстан" (Орал) және "Достық" (Зачаганск) кинотеатрларының құрылышы аяқталды. Облыстық тұтынушылар одағының, бакалейторгтың, аяқ-киім, ет-балық сауда орталықтарының, орталық базардың, Баспа үйінің, 300 орындық "Ақжайық" қонақ үйінің құрылышы бітіп, "Саяхат", "Орал" қонақ үйлері жөндеуден өтті. Партия обкомының жаңа ғимараты (ескі қалком мен қалаткомның) пайдалануға берілді, Саяси ағарту үйі, облыстық МҚК (қазіргі ҰҚҚ), облыстық прокуратура, облыстық сот, екі қалалық аудандық партия комитеттері мен атқару комитеттерінің ғимараттары салынып бітті.

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

...

КУШ ПЕН ҚАРЖЫНЫ ЖҰМЫЛДЫРА ОТЫРЫП

Бір қараганда М.К.Физатулиннің айтқан естелігіне алып-қосар ештеңе жоқ сияқты. Ол өз кезеңіндегі ауқымды шаруаларды басты-басты бағыттар бойынша жан-жақты қамтыған екен. Қай мәселеде де нақтылықты, әділдікті жаны сүйетін Мансұр Кәрімұлы очеркінде Бірінші хатшының ролі туралы сөз қозғап, өзінің жеке басы турасында ләм демейді. Әрине, ол жылдары Біріншінің келісімі мен қолдауынсыз бірде бір маңызды жұмыс жүргемені бесенеден белгілі жайт. Алайда, арнайы қадағалаусыз, бақылаусыз да өз-өзінен іс бітпесі айдан анық. Сондықтан, кез-келген ірі құрылыш обкомның салалық хатшысының тікелей басшылығын қажет етті. Салалық хатшының іске араласуының өзіндік он нәтижесі бар: ол белгілі бір объектілердің іске қосылуын тездететін. Әсіресе, бас мердігердің тиісті деңгейде еңбек қарқының қамтамасыз етуге шама-шарқы немесе, еңбек, техникалық ресурсы жетпеген шақта, сол сияқты қосымша мердігерлер келісілген мерзім ішінде сәйкесінше жұмыс тындырмаған кезде хатшы тарапынан қатаң бақылау қажеттігі ете-мөте байқалатын. Әдетте бұл мәселелер жиі өткізілетін жоспарлауға обкомның салалық хатшысы М.К.Физатулин қатысқан кезде онай шешіледі. Белгілі бір түйінді мәселенің қатаң ескертумен шешілген кездері де болды. Бұл жағдай құрылышқа қатысы жоқ өнеркәсіп пен тасымалдау кәсіпорындарына байланысты туындастырылған.

Түрлі объектілерде жиі өткізілетін бульдозерші, тас қалаушы, майлаушы, сырлау және монтаждық жұмыс шеберлері арасындағы сайыстар жұмыс қарқынына елеулі серпін беретін. Бұл шаралар көбіне демалыс күндері кәсіби қызмет бағдары бірдей өзге кәсіпорындардан шақырылған мамандардың көмегімен жүргізіледі. Иgi бастаманың он нәтижесі де мол болды. Әдетте құрылыш басталmas бұрын объектіде алдын-ала өзірлік жұмыстары атқарылып, керекті материалмен және техникамен қамтамасыз етіледі. Үлкен үйымдастырушылық қабілетті талап ететін осы бір шаруаның қорытындысы көпшілікті таң қалдыратын, яғни, мамандар бір ауысымның ішінде апталық жоспарды орындалап, объект көз алдыңызда өсіп шығатын еді. Аталмыш сайыстар күш пен қаржыны жұмылдырумен бірге оралдықтардың мақтанышына айналған – темір жол бекеті, Даңқ мемориалы, Жайық өзені үстінен тартылған құбыр, көп қабатты үйлер және басқа да сан алуан объектілерді салу қарқының тездетуге ықпал етті. Құрылыш ұжымдары жарыса еңбек етіп, объектінің іске қосу сәтінде қуанышты бірге бөлісетін. Сондай салтанатты рәсімдерден есте қалғаны – М.Б.Ықсановтың идеясынан туындаған өзен үстінен тартылған су құбырының 1981 жылдың желтоқсан айында пайдалануға берілуі.

Орал-Көшім жүйесінен Жайықтың сол жағалауына су жеткізу жобасын “Каззапгипроводхоз” институты жасады. Кешенді жоба өзеннің сол жақ бөлігін сумен қамтудың негізгі сызбасына сай жоспарланды. Ол бойынша Орал-Көшім массивінен алынған су Ақжайық, Тайпақ аудандарындағы тұрақты суаруды қажет ететін жаңа участкерді, шөлейт аймақта орналасқан Азынабай-Тайпақ жүйесінің жайылымдарын сумен қамтамасыз етуге тиіс болды. Бұл құрделі де жауапты тапсырма еді. Су Жайық өзені үстінен тартылатын құбыр бойынша тасымалданады деп шешілді.

Көп қырлы жобаны іске асыру “Уральскводстрой” тресіне жүктелді. Сөйтіп, 1978 жылы құрылыштың алғашқы қадасы қағылып, 1979 жылы бетондық жұмыстар жүргізіліп, шамалы уақыттан кейін объект толықтай салынып бітті. Кешен құрылышына келгендер оның алыптығына тандай қаға тамсанып, үлкен әсерде



қалатын. Осы жерде жалпы жұмыстың ауқымы жөнінде бір-ер ауыз сөз. Құрылыш басталғаннан бері 8,5 миллион сомның құрылыш-монтаж жұмыстары жасалған. Ұзындығы 32 шақырымдық диаметрі 1020 мм болатын болат құбырлар жүйесі іске қосылған. 33 шақырымға созылған Солянка-Азынабай-Тайпак магистралдық су арнасы қазылған. 3,5 миллион текше метр жер қазу жұмыстары жүргізіліп, 6 мың текше метрден астам құрамалы және құймалы темірбетон төсөлген. Ұзындығы 12,5 метрлік 700 темірбетон қада қағылған. Ауданы 1000 гектардан аса алқапты алып жатқан суландыру участкелері пайдалануға беріліп, алты гидротехникалық құрылғы тұрғызылған, 10 су айдау стансасы орнатылған.

Алystan қарағанда әдемілігімен көз тартатын қондырғы жақындаған келгенде өзінің алыптығымен, еңселілігімен еріксіз бас идіреді. Жайық жағасында ұзындығы 25 метр, биіктігі 8 метрге жететін екі параллелепипед тұрғызылып, оларға қуатты тростар бекітіліпті. Тростар 40 метрлік пилондардың көмегімен су бетінен жоғары көтеріліп, су құбырының екі басын “ұстап” тұр. Құбырдың диаметрі бір жарым метр, өзен үстіндегі ұзындығы 230 метр. Су үстінде орналасқан металл құрылғылар, құбыр мен тростардың салмағы мың тоннадан асып түседі, құбырлар арқылы тасымалданатын судың салмағы да соған жақын. Шын мәнінде әсерлі құрылыш.

Бұл үлкен жобада алғашқы қағылған қададан бастап, жүйеге су жіберу жұмыстары аяқталғанша іс басында болғандардың еңбегі зор. Су тасымалдау жүйесін салуға үш жұз адамнан тұратын қуатты ұжым атсалысты. Құрылыш отрядының негізін “Уральскводстрой” тресінің ПМК-115, ПМК-116, “Күшумводстрой” тресінің ПМК-48, “Казстальмонтаж” тресі ПМК-сының жұмысшылары құрады.

Осынау ересен үлкен объектіні салуда сүбелі еңбектерімен көзге түскен азаматтардың қатарында механизаторлар А.Долинский, В.Лобакин, М.Блинов, В.Лобиков, Г.Айткуанов, К.Байғалиев, А.Ламаевтардың бригадаларындағы бетон қююшылар, Е.Елеқринцев пен Н.Анесковеңтің бригадаларындағы дәнекерлеушілер, Т.Сафуллиннің бригадасындағы монтажшылар және басқа да көптеген жұмысшылар бар. Олар қай істе де өз ұжымдарының абыройын биік ұстап, берілген тапсырманы дер уағында тиянақты орындаған отырды.

Болашақ су жүретін арналар мен өзге де гидротехникалық кешенің қондырғыларын орнату үшін қолайлы орын табуға тырысқан “Каззапгипроводхоз” институтының ізденушілеріне де атальыш жұмыс оқайға түскен жоқ. С.Г.Дворняников, В.В.Бизянов, Э.Белялов, И.В.Качанов, Д.Дарбаев секілді ізденушілер жаздың ыстық аптабы мен қыстың ұскірік аязын елемей еңбек етті. Өз ісінің білгірлері М.Г.Бизянова, К.Ақашев, Л.И.Харкин, В.С.Голубых және т.б. жобалаушылар құрылышшылардың еңбек қарқының тежемеуге тырысты. Участке басшысы Т.В.Тедеев пен прораб М.Саблин құрылыш басынан кетпеді. ПМК-115 мекемесінің басшысы Е.К.Каюпов пен бас инженері Н.Я.Белоноғжин, “Казстальмонтаж” ПМК-сының аға прорабы И.Е.Штайц, шеберлер Н.И.Миронов пен А.Аубановтар да бұл құрылышқа көп уақыты мен қажыр-қайратын сарп етті.

Су құбыры құрылышы екі кезекте жүргізді. Бұл әдіс құрылыш қарқының тездетуге мүмкіндік бергенмен, жұмысшылардың барлығына үлкен жауапкершілік жүктеген еді. Жетекшілік жасауға қолайлы болу үшін ПМК-115 мекемесінің басқару аппараты алдыңғы “шепке” ауыстырылды. Тәулік бойы жұмыс жасайтын көмекші қызметтер, паром, жатақхана, асхана қызметкерлері де ортақ іске өз үлестерін қости. Кез-келген уақытта дәмді де сіңімді тағам ұсынуға өзір аспаз Л.И.Шерстобитова мен оның көмекшілері құрылышшылар тарапынан тек мақтау естітін. Құрылыш басына 15 мың тоннадан астам әртүрлі жүктерді уақтылы жеткізген жол тасымалы қызметкерлері де жылы сөзден шет қалмады. Олардың негізгі міндеттіне қондырғыларды монтаждау жұмыстары, бір жағадан екінші жағаға қуатты техниканы жеткізу секілді күрделі операциялар кірді. Ортақ шаруаның сәтімен аяқталуына жәрдемдерін аямаған капитан-механик А.К.Кожевников басқарған “Киев”, капитан Н.А.Фаруниннің басшылығындағы “Ақтөбе”, Н.А.Фешиннің “Хабаровск”

теплоходтарының әкипаждарын құрылышылар жылылықпен еске алады.

Осынау ғаламат құрылышқа зор үлес қосқан облыстан тыс жерден шақырылған мамандандырылған үйымдардың арасынан Алматының “Тоннельспецстрой”, Қазақ КСР-і монтажарнаулықұрылыш министрлігінің “Казстальмонтаж”, “Күшумводстрой” трестерін айрықша атап өтуге болады. Аспалы көпір құрылышына қажет металл қондырылар алматылық “Ремстройтехника” бірлестігінен, болат тростар КСРО-ның 50 жылдығы атындағы Волгоград зауытынан, қуатты болттар - Магнитогорск және Дружск зауыттарынан, мырыш - Өскемен түсті металдар зауытынан, темірбетон қадалар – Шардара құрылыш материалдары комбинатынан, ал болат құбырлар Волжск зауытынан құрылыш басына уақытында жеткізіліп тұрды.

Аталмыш объектіні табысты салып шығуға жобалаушылар мен жоспарлаушылар да көп көмек етті. Олардың қатарында Орал қалалық партия комитеті, қалалық атқару комитеті, Ворошилов атындағы, механикалық, арматура, “Металлист” зауыттары, автокөлік басқармасы және тағы да басқа көптеген қалалық мекеме-үйымдар бар еді.

Құрылышылар мен жобалаушылардың, ғалымдар мен өзге де мамандардың ырғақты жұмысын Орал облыстық партия комитетінің хатшысы М.К.Физатулин басқарған құрылыш штабы жіті қадағалап, үйлестіріп отырды. Құрылыш басына техниканы, қажетінше жұмысшыларды, материалдарды жеткізу және техникалық мәселелерді шешумен де осы штаб тікелей айналысты.

Көп ұзамай адам қолынан “дүниеге” келген жаңа арнамен сылдырап су жүгіре бастады. Екі жағалауды бір-бірімен жалғаған құбырлар желісі ежелгі өзеннің екі бетіндегі қос құрлық - Еуропа мен Азияны байланыстырып, онда өмір сүретін жергілікті халықты достастырып, туыстырудың нышанына айналды.

Құрылыштың аяқталуына байланысты Жайық жағасында өткен үлкен салтанатқа көптеген еңбек үжымдары жиылды. Митингіде “Уральскводстрой” тресінің басшысы С.А.Стрижак құрылышшылардың атынан жабдықтаушы үйымдарға алғысын жеткізіп, трест үжымының еңбек рапортын Қазақстан Компартиясы обкомының бірінші хатшысы М.Б.Ықсановқа тапсырды және ірі жобаның екінші бөлігінің жұмысына су шаруашылығы мамандарының міндетті тұрде қатысатындығына сендірді. Митинг соңында Қазақ КСР-і Фылым Академиясының академигі С.Б.Бәйішев алқызыл лентаны қиды. Міне, Жайық үстінен құбыр арқылы су тасымалдау құрылғысы осылайша іске қосылды.

* * *

Әрине, барлық құрылыш бірдей әлгіндей қарқынмен, көпшіліктің тегіс қолдауымен жүрді деу әбестік болар. Дегенмен, қаланың архитектуралық бет-бейнесін қалыптастыратын маңызды объектілер жобалау кезеңінен бастап қадағалаушы органдар тарапынан қатаң бақылауға алынатын. Олардың кейбірі туралы сол кезеңде Орал қаласының бас архитекторы қызметін атқарған Евгений Абрамович Кизилов былай деп әңгімелейді.

- Құрылғанына көп уақыт бола қоймаған “Западэлеватормельстрой” тресі (В.А.Пехерт) 1976 жылдан бастап жаңа озық әдістер бойынша тұрғын үй салуды қолға алды. Республикалық Мемқұрылыш мұны қолдап, жергілікті машина жасау кәсіпорындары жаздың аяғына дейін барлық құрылышқа керекті құралдар жиынтығын әзірлеп шықты. “Уральскгорсельпроект” институты 48 пәтерлі он екі қабатты тұрғын үйдің жобасын жасады. Ол қазіргі Щурихин көшесінде тұрғызылады деп шешілді.


Сол жылдың 24 қыркүйегінде он екі қабатты алғашқы алып үй бой көтерді. Арада дәл бір жыл өткенде екіншісі, одан соң үшінші, төртінші үйлер де сап түзеді. Бул төрт үйдің құрылышы Дзержинский атындағы көшенің сәнін кіргізді. Айта кететін бір жай, ол кезде Оралдағы тұрғындар саны екі жүз мыңға да жетпейтін, ал, қуйма әдіспен салынған үйлер КСРО бойынша тек Алматы мен Кишиневтаған бар еді!

Қаланың көркі өзге де құрылыштармен сәндене түсті. Мысалы, Гвардия көшесінің батысын тұйықтайтын он екі қабатты 96 пәтерлік “Үш жапырақ” (“Трилистник”) аталып кеткен үйді “Омега” зауыты, Есенжанов көшесінің бойындағы тоғыз қабатты үйлерді “Уральскводстрой” тресі салып шықты.

Қазақстан архитекторлар Одағының 1981 жылы Оралда өткен пленумында Орал қаласының бет-бейнесі өзгергендігі, яғни, облыс орталығында тұрғызылған үш тоғыз қабатты үй, “Үшжапырақ” және қаланың бас даңғылындағы он төрт қабатты үй құрылыштарының ерекше көз тартатындығы атап өтілді.

Ең сәтті де әдемі ансамбльдер ретінде Достық-Дружба даңғылы, 1905 жылғы Революция атындағы көше және Еуразия даңғылының қылышындағы “Уральскпромстрой” (Т.К.Симонов) тресі салған 5,12,9 қабатты үйлер танылды.

1978 жылы бірінен соң бірі пайдалануға берілген тұрғын үйлер кешені атальыш пленумда республиканың белді сәулетшілерінің пікірінше қаланың ең ұтымды үйлер кешендерінің бірегейі деп бағаланды.



ЗӘУЛІМ КӨККЕ ҰМТЫЛЫП...

Бұған дейінгі тарауларда біз облыс аумағы мен Орал қаласындағы соғыстан кейінгі жаңғыруды және құрылым саласының одан әрі аяқта тұруын толық әңгімелеген едік. Ендігі сөз осы жұмыстарды кімдердің атқарғандығы туралы болмақшы. Біздің ойымызша, бұл жерде қаланың және ауыл-аймақтың ғұлденуіне үлкен үлес қосқан “Уральскпромстрой” тресінің рөлін айтпауга болмайды. Сол себепті, алдымен осы трестің тыныс-тіршілігін сөз қылмақпаз.

...Достық даңғылының ең көрікті бөлігінде орналасқан 14 қабатты үйдің терезесінен оралдық сәuletшілер қиялынан туған облыс орталығының келбеті бар сән-салтанатымен жарқырай көрінеді. Осы заманғы зәулім үйлердің тамаша архитектуралық ансамблі жасыл желек, теп-тегіс асфальт, гүлзарлар, газондар, скверлермен астасып жатыр...

Қазақстанның байырғы қалаларының бірі, Ленин орденіндегі Батыс Қазақстан облысының орталығы – Орал қаласының бүгінгі келбеті дәл осындай. Бұған 1958 жылы “Уральсксельстрой” құрылым-монтаж басқармасының негізінде жеке-дара бас мердігерлік үйым ретінде құрылған “Уральскпромстрой” тресінің де қатысы бар. Трестің алғашқы менгерушісі В.Н.Селиванов деген азамат.

Ол уақытта облыс көлемінде тек қана төрт жұз адамы бар екі басқарма – СМУ-1 (СУ “Жилстрой”) мен СМУ-2 (СУ “Химмашстрой”) жұмыс істейтін-тұғын. Құрылым-монтаж жұмыстарының көлемі 3,7 миллион сомнан әзер асып жығылатын. Трест негізінен қызыл кірпіштен бір қабатты үйлер түрғызумен шұғылданды. Кейін күш-қуаты артқан сайын қаланың көп қабатты үйлерін салуға да белсенді араласа бастады.

50-жылдардың аяғынан бастап барлық жерде құрылым өндірісін жаппай индустрияландыру қарқын алғаны белгілі. Соған сай, трест өзінің өнеркәсіп базасын кеңейтті: жаңа ҮҚҚ-ы, ағаш өндеу, арматура цехтары, темірбетон бұйымдары зауыты, 150 машинаға есептелген автобаза, ГПТУ-78 оқу ғимараттары салынды. Қосалқы мердігерлік үйымдар құрылды. Олардың алғашқысы – “Казсантехмонтаж” басқармасы.

Треке он жыл бойы үздіксіз басшылық еткен А.Н.Рабинович қаланың өнеркәсіптік және азamatтық құрылымын дамытуға көп еңбек сінірген жан. Амурдағы Комсомольск мен Уралдағы объектілерде еңбек еткен тәжірибелі маман трестің бүгінгі өнеркәсіп базасының іргесін қалап кетті. Мекеме 60-жылдардың басында құрылымына ат салысқан ірі объектілердің қатарында Ленин даңғылы бойындағы 64 пәтерлі үйдің құрылымы, қуатты ЖЭО, телеорталық және т.б. бар.

Трестің жанынан ашылған кәсіби-техникалық училище құрылымшы кадрларды даярлаудың ұстаханасына айналды. Ол 1956 жылы №30 құрылым мектебі ретінде ірге бекітіп, сосын №78 құрылым училищесі болып қайта құрылған екен. Училище өз тарихында 6000-нан аса білікті құрылымшы кадрларды тәрбиелеп шығарды. Түлектерінің ішінен: “Құрмет Белгісі” орденінің кавалері, III және II дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегері, “Отделстрой” ҚБ-ы малярлар бригадасының бригадирі З.Л.Ним, Қазақ КСР-інің еңбек сінірген тәлімгері Е.С.Струкова сияқты көптеген мамандарды мақтанышпен атауға болады.

Жылдар жылжыған сайын трестің қабырғасы қатып, бұғанасы бекітүсті, жұмыс көлемі үлгайып, құрылым қарқыны жеделдеді. Облыс орталығында ірі өнеркәсіп объектілері - механикалық зауыттың ұстахана-пресс және інді білік цехтары, ет комбинатының тоқазытқышы, наузауыты, тігін және киіз басу фабрикалары, силикат кірпіш зауыты іске қосылды. “Қазақстан” кинотеатры мен “Акжайық” қонақ үйін салып шыққан оралдық құрылымшылар қала көркіне өзіндік



қолтаңбаларын қалдырыды.

Трест үжымы үшін мерейлі дата - 1982 жылдың өзінде мұндағы құрылышылар түрлі мақсаттағы 42 объектін пайдалануға берді. Сол сияқты, "Тұрғын үй – 91" бағдарламасына білек түре кіріскең трест 78 мың шаршы метр пайдалы аумақты тұрғындар игілігіне жаратты. Бұл түсінікті тілмен айтқанда қалалықтарға 1500-ден аса пәтер мен 728 орындық жатақхана тиді деген сөз. Пайдалануға берілген объектілердің сапында - әмбебап дүкен, екі әкімшілік ғимарат пен әрқайсысы 280 орындық екі балабақша, 1176 оқушыға арналған мектеп, бірнеше мектептер жанынан алты жасарларға арналған қосымша ғимараттар, механикалық зауыттың спорт залы және т.б. бар.

...

...

...

...

...

...

...

...

АУЫЛ-ҚАЛА АЖАРЫН АШЫП...

Облыстың Орал, Ақсай сынды қалаларының жаңа көшелері, басқа да елді мекендер 1954 жылы құрылған “Уральсксельстрой” тресінің қатысуымен жаңа кейіпке енді. Трест басшылығы өнеркәсіп базасын және әрбір ауданда жылжымалы механикаландырылған колонналарды жасақтау мәселесіне ерекше мән берді. Әуелгіде мекеме өзіне әкімшілік ғимарат салып, Ақсай мен Переметныйдағы ЖБИ полигондары кеңейтілді.

1969 жылы трест Орал қаласында жылына қуаты 22 мың шаршы метр құрамалы темірбетон өндірге жететін құрылыш материалдары комбинатының бірінші кезегін іске қосты. Кейін осы комбинаттың негізінде жылына 50 мың шаршы метр тұрғын үй салуға қабілетті ірі панельді үй құрылышы цехы шаңырақ көтерді. Онымен бір мезгілде қуаты жылына 100 мың текше метр керамзитті қыыршық тас өндірге жететін зауыт іске қосылды.

Сондай-ақ, жылу құбырларын төсеу сапасын арттырып, жұмыс көлемін азайту үшін перлит пен тұрба оқшаулағыштарын даярлайтын қондырығы пайдалануға берілді. Жоғарыда айтылған жайттар және басқа да қолға алынған шаралар треске жұмыс көлемін 1966 жылғы 4 миллион сомнан 1975 жылы 19 миллион сомға дейін үлгайтуға мүмкіндік берді.

Ә.Б.Сытдықов, А.И.Курченко, М.А.Серікбаев, Ш.М.Ізбасаров, П.А.Сперанский сияқты үйымдастырушылық қабілеттері жоғары жылжымалы механикаландырылған колонналардың басшыларының, өз істеріне шын берілген ССК директоры Б.А.Нұрбаевтың, КСМК директоры А.Д.Кабановтың, УМС басшысы В.В.Становскийдің, бригадирлер М.Х.Атаниязов, Н.А.Скворцов, В.П.Авдеенков, К.С.Нажиев, Н.П.Чирков, Е.С.Берниязова, Н.П.Остапчуктардың өлшеусіз еңбектерінің арқасында трест түрлі салаларға қатысты көптеген объектілерді тез арада сапалы салып шықты. Олардың ішінен: диірмен зауытын (Желаев станасы), құрама жем зауытын (Ақсай к.), қасапхананы (Жәнібек ауылы), радиорелелік жүйені (Чапаев-Жымпіты) ерекше атауға болады. Трестің күшімен, сондай-ақ 34760 орындық 79 мектеп, 710 төсектік 14 аурухана, 3800 орындық 38 клуб, 3920 орындық 28 балабақша, 800 орындық 16 монша, 450 машинаға есептелген 8 МТМ, 6500 бас сиятын сиыр қоралары, 32000 басқа шақталған қашарлар, жалпы аумағы 2680000 шаршы метрді құрайтын тұрғын үй, ұзындығы 1430 шақырым болатын инженерлік желілер салынып, пайдалануға берілді.

1990 жылдан бері трест әлеуметтік жобалар бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы құрылыш-жұмыстарына үнемі қатысып келеді. А.М.Рахметов жетекшілік ететін “Жайықсельстрой” фирмасының білікті мамандары 2002 жылға дейінгі кезеңде қаладағы жұқпалы аурулар ауруханасын және қазақ драма театрын “өте жақсы” деген бағамен европалық стандарттарға сай салып бітірді. Бұған танда кәсіпорын Тасқала ауданындағы Мәдениет үйі мен Орда ауылындағы тарихи-мәдени кешенді қалпына келтіруге қатысты, Қарашиғанак кенішін дамыту жобасы бойынша түрлі құрылыш-монтаж шараларын атқаруда.

1954 жылдан бастап әр кезеңде “Уральсксельстрой” тресіне жетекшілік еткен азаматтардың қатарында И.П.Здесев, А.М.Рахметов, Ә.Б.Сытдықов, Б.В.Мозговой, В.В.Куркин сияқты мықты мамандар бар.

Жалпы, ауыл құрылышына Белоруссиядан келген және жергілікті оку орындарының студенттерінен жасақталған құрылыш отрядтарының үлкен көмек көрсеткенін тағы да бір атап өткен жөн. Олар жалпы саны 1800 объектінің тұрғызып, ел ықыласына бөленді.



ДАЛА ТӨСІНЕ ЖОЛ САЛЫП

Бұдан бұрын да айтылғандай, 50 жылдардың басындағы Орал өнірінің ең басты қызындығы – жолсыздық еді. Бірақ, экономиканың нығауына орай біртіндеп жол қатынасы дами бастады. Осынау қын да қызықты процестің қалай жүргені жайлы еңбек ардагері, “Орал жолдары” АҚ өндірістік-жоспарлау бөлімінің бастығы Вячеслав Христианович Дерр былайша еске алады:

- 1955 жылы республикалық маңызы бар жолдардың ұзындығы 1776 шақырымды құрап, оны жөндеңдер-күтуге қарамағында жеті жол пайдалану участкесі бар облыстық шосселік жолдар басқармасы жұмылдырылып, барлық жұмыстар республикалық бюджеттен қаржыландырылған болатын.

1958 жылы Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің “Республикадағы барлық ұйымдардың автожолдар құрылышына және оны жөндеуге қатысусы туралы” Жарлығы қабылдануына сай елдегі әрбір адам мен механизм жылына 4 күн жол жөндеу жұмыстарына қатысуға міндетті деп бекітілді.

Республикалық дәрежедегі автожолдарды күтіп-баптау мен жөндеу шараларының қарқының күшеттүгі бағытталған кезекті қадам 1965 жылы жасалып, облыстарда жол басқармалары құрылды. Орал облысында №43 жол басқармасы дүниеге келді. Сол уақытта жеті ауданда ашылған жол пайдалану және жол салу участкерінің еншісіне облыстық және жергілікті маңыздағы жолдар тиді. Бұл жұмыстар негізінен “Жарлық” бойынша жиналған қаржы есебінен жүргізілді. 1954 жылы Оралдан Ақтөбе облысының шекарасына дейін қара табанды автожолдың құрылышы басталып, жолдың өн бойында көпірлер салынды. Ұзындығы 271 шақырым болатын бұл жол 1967 жылы пайдалануға берілді.

1971 жылы құрамына бірнеше жол басқармаларын біріктірген №9 жол-көпір салу тресінің құрылуы облыстағы жол шаруашылығының дамуына ерекше серпін әкелді. Біраз жыл бедерінде трест атқарған шаруалардың нәтижесі көңіл аудартады. 2001 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша облыс көлеміндегі автожолдар желісінің жалпы ұзындығы 5353 шақырым құрап отыр. Соның ішіндегі республикалық маңыздағы жолдардың ұзындығы – 1128 шақырым.

Осы жылдар ішінде ұзындығы 5070 погонды метр болатын 86 тұрақты көпір, ұзындығы 21237 погонды метрден асатын 1442 дана су өткізу тұрбалары төсөлді, 315 шақырым асфальт-бетон табанды жол, 1569 шақырым қара табанды жол, 2681 шақырым қиыршық тас төсөлген жол салынды. 150 ұжымшар-кеңшарлардың орталықтарының 132-сі аудан орталықтарымен қатыл табанды жол арқылы байланыстырылды. 16 аудан орталығының 9-ы облыс орталығымен қара табанды жол арқылы қатысуға мүмкіндік алды.

Облыстағы ерекше маңызды жол құрылыштарының ішінен мына объектілерге тоқтала кетуге болады. 1962 жылы Жайық өзені үстінен өтетін тұрақты көпір және Шаған өзенінен өтуге мүмкіндік беретін көпірі бар плотина іске қосылды. Бұған дейін жыл сайын аталмыш өзендерде ағаш көпірлер салынып келген-тұғын. Су деңгейі көтерілген шақта Шағанға понтон көпір қойылып, Жайықта паром тасымалы басталатын. Кейінірек, Шаған өзені үстінен тағы да екі тұрақты көпір тартылды: бірі - плотина аумағында, екіншісі - теміржол көпірі маңында.

Сексенінші жылдары №9 жол-көпір салу тресі әуежайдың бүгінгі ұшу алаңын, Батурин көшесі мен Ленин (қазіргі Достық) даңғылының қылышындағы өндірістік зертхана ғимаратын, 25 мың текше метр өнім шығаратын темір-бетон конструкциялары зауытын іске қости, Желаев стансасында жол-құрылыш материалдары комбинатын салып шықты. Комбинат 1980-91 жылдар аралығында жылына 200 мың тоннаға жуық асфальт-бетон, 15 мың тоннаға жуық битум өндіріп отырды.

1975-1982 жылдар бедерінде Орал қаласына кіре-беріс, транзиттік айналма